ҚОҒАМ

НАҚТЫ КӨЛЕМ ИНДЕКСІН ҰЛҒАЙТУ МІНДЕТІН ҚОЙДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

ӨЗ ЖҰМЫСЫНА ДӘН РИЗА

3-бетте

АҚПАРАТ

ӘЛЕМНІҢ ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫНА ТУҒАН ӨҢІРДІҢ ҚҰРМЕТІ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №28 (1887) 13 наурыз 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

АБАЙ ОБЛЫСЫНДА 24 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫҢ ТІЗІМІ ЖАСАҚТАЛҒАН

Мемлекет басшысы Абай облысының әкімі Берік Уәлиді қабылдады. Президентке өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған даму жоспары таныстырылды.

Облыс әкімі жергілікті бюджеттің шығыс және кіріс бөлігіне жан-жақты талдау жүргізілгенін жеткізді. Соның нәтижесінде қаржыландырудың басым бағыттары анықталды. Ал үнемделген қаражат өзекті мәселелерді шешуге жұмсалады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2028 жылға дейін жүзеге асырылатын 24 инвестициялық жобаның тізімі жасақталғаны туралы баяндалды. Жалпы құны 2,2 триллион теңге болатын бұл бастамалар 8 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Оның ішінде алты жоба биыл іске қосылады.

Берік Уәли облыстағы әлеуметтік нысандардың және коммуналдық инфрақұрылымның жай-күйі жөнінде мәлімет берді. Атап айтқанда, тұрғындардың сұранысына сай мектептер мен балабақшалар салу, мәдениет және денсаулық сақтау нысандарын жаңғырту жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, коммуналдық шаруашылық саласындағы қордаланған проблемаларды, әсіресе Семей қаласының осы бағыттағы мәселелерін шешу өте өзекті.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 5 нысанның және оқушылар сарайының құрылысы қолға алынды. Облыс орталығындағы аспалы көпірді реконструкциялаудың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, Ертіс өзені арқылы өтетін тағы бір көпір салынып жатыр. Осы ретте аспалы көпірдің жүктемесін азайтып, көлік нөпірін реттеу мақсатында Семей қаласында айналма жол салу мәселесі пысықталуда.

Мемлекет басшысы аймақтағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілуі тұрғындардың тұрмыс деңгейін арттыруға ықпал ететінін атап өтті. Сондай-ақ облыс әкіміне Үкіметпен бірге өңірді қарқынды дамыту жолдарын қарастырып, өзекті мәселелерді кезең-кезеңімен шешуді тапсырды. Қасым-Жомарт Тоқаев өңдеу өнеркәсібін өркендету, жаңадан тұрақты жұмыс орындарын ашу, облыс орталығын абаттандыру және инфрақұрылымды дамыту бағытында шаралар қабылдау қажет екеніне тоқталды. Сонымен қатар, Абайдың 180 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шараларды лайықты деңгейде ұйымдастырудың маңызына назар аударды.

AKORDA.KZ.

СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ

БАСТЫ МІНДЕТ – ҚАРДЫ УАҚЫТЫЛЫ ШЫҒАРУ

Биыл көктем ерте басталады деп күтілуде. Қарағанды облысында 15 наурыздан бастап ауа температурасы нөлден жоғары болады деп болжануда. Өңірде су тасқыны кезеңіне алдын ала дайындала бастады және алдын алу шаралары қабылданды. Қазір басты міндет – қарды уақытылы шығару.

Су тасқынына дайындық мәселесі өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен ТЖ комиссиясының отырысында талқыланды. Кеңеске ТЖД, полиция, басқа да уәкілетті органдардың басшылығы қатысты. Қала және аудан әкімдері жағдай туралы баяндады. Жиында «Қазгидромет» МКК филиалының талдауы ұсынылды. Биыл топырақтың күзгі ылғалдану деңгейі нормадан жоғары, бірақ облыс аумағының басым бөлігінде қату тереңдігі өткен жылмен салыстырғанда төмен.

Облыстық ТЖД бастығы Марғұлан Аманбаев бүгінгі таңда облыста миллион текше метрден астам қар шығарылғанын хабарлады. Сондай-ақ су бұру арықтарын қазу, ка-

налдар мен су өткізу құбырларын тазарту жұмыстары жүргізілуде. Полиция санитарлық нормалардың сақталуын қадағалауда, тәртіп бұзушыларға қатысты әкімшілік хаттамалар ресімделеді.

Самарқанд және Ынтымақ су қоймаларында санитарлық су ағызу секундына 10–15 текше метрге дейін артты. Алдағы уақытта көлем өсуі мүмкін. Бұл өзен арналарын шаю және тасқын суды қабылдауға болатын бос орын дайындау үшін қажет.

Ермағанбет Бөлекпаев гидроқұрылыстарды бақылаудың маңыздылығын атап өтті. Ол қарды жедел шығару жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

– Қар шығару – коммуналдық қызметтердің ғана емес, барлық кәсіпорындардың, ұйымдар мен бизнестің жауапкершілігі. Бірлесіп әрекет ету керек – тек сонда ғана ауыр зардаптарға жол бермейміз, – деп атап өтті облыс әкімі.

І. ДҮНГЕНБАЙҰЛЫ.
Қарағанды облысы.

ФОРУМ

БІР ТОЛҚЫНДА

Шымкент қаласында жұмысшы жастарға арналған кәсіби бағдарлау іс-шарасы өтті. «BIR TOLQYNDA: ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР» атты форум аясында ұйымдастырылған іс-шара жастарға өндірістік саланың қыр-сырын таныстырып, жұмысшы мамандықтардың маңыздылығын көрсетуге бағытталды. Форумға Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Айдын Кәрімов, AMANAT партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова, AMANAT партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдыхожаев, сондай-ақ «Balabi Текстиль» ЖШС директорының орынбасары Ғалымжан Кибатов қатысты. Сонымен қатар, форумға қаланың ірі кәсіпорын өкілдері, мәслихат депутаттары, спортшылар мен белсенді жастар және жұмысшы мамандық иелері жиылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында жүзеге асырылып отырған іс-шараның басты мақсаты – жастардың еңбек нарығындағы мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларды өндіріс саласына тарту. Форум аясында қатысушылар өңірдегі ірі кәсіпорындардың жұмысымен танысып, өндіріс орындарын аралады. Жастар «BAL Textile», «AZALA Textile» және «Shymkent Qagazy» кәсіпорындарына барып, өндіріс орындарының жұмысымен танысты. Олар өндіріс процестерін көріп, зауыттардың заманауи технологиялармен жабдықталғанына куә болды. Сонымен қатар, еңбек қауіпсіздігі мен жұмысшыларға жасалған жағдайларға ерекше назар аударды.

Шымкент қаласы әкімнің орынбасары Айдын Мейрамбекұлы сөз сөйлеп, жиынның маңыздылығына тоқталды.

– Бұл жыл жастардың еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды меңгеріп, біліктілігін арттыруға бағытталған маңызды кезең болмақ. Мемлекеттік қолдау мен кәсіби бағдар беру жұмыстарын тиімді жүргізу арқылы біз жас ұрпақтың жұмысшы мамандықтарға деген қызығушылығын арттырып, олардың еңбекке деген жауапкершілігін күшейтетін боламыз. Қала әкімдігі мен AMANAT партиясы бірлесіп, жастардың жұмысқа орналасуына жағдай жасау, оқу орындарымен байланыс орнату және кәсіпкерлікті қолдау бағытында маңызды бастамалар көтерді. Бұл жұмыстардың нәтижесінде көптеген жас мамандар өз қабілеттерін шыңдап, қоғамға қызмет көрсетуге дайын, – деді Айдын Мейрамбекұлы.

Қазіргі өндіріс орындары технологиялық тұрғыдан жоғары деңгейде дамыған. Мұнда білікті мамандар қажет. Егер жастар жұмысшы мамандықтарға қызығушылық танытып, осы салада біліктілігін арттырса, болашақта тұрақты жұмыс таба алады. Жиынға келген қатысушылар дәл осы сөздің куәсі болды.

– Жұмысшы мамандықтар – әрқашан сұранысқа ие. Өндіріс орындары білікті мамандарды қажет етеді. Егер өз ісіңді жақсы көрсең, еңбекқор болсаң, бұл салада әрқашан табысқа жетуге болады, – деді «Balabi» текстиль ЖШС директорының орынбасары Ғалымжан Кибатов.

Кәсіби бағдарлау шарасы жастарға өз мүмкіндіктерін бағалауға, жұмысшы мамандықтардың болашағы туралы нақты түсінік алуға көмектесті. Қатысушылар кәсіпорын қызметкерлеріне сұрақ қойып, олардың еңбек жолы мен жұмыс ерекшеліктері туралы ақпарат алды.

Форум барысында ұйымдастырушылар жастарды жұмысшы мамандықтарға тарту басты міндеттердің бірі екенін атап өтті. «Біз жастарға тек бағыт-бағдар беріп қоймай, оларды өндірістік салаларға баулуға, кәсіпорындармен байланысты күшейтуге мүдделіміз», – деді AMANAT партиясы Шымкент қалалық филиалының Төрағасы Мұрат Жаңабайұлы.

Жастар еңбек нарығында жұмысшы мамандықтарға сұраныстың артып келе жатқанын түсініп, бұл бағытта дамуға деген қызығушылықтарын білдірді. Форум соңында қатысушылар арнайы бейнероликті тамашалады. Сондай-ақ кәсіпорындағы үздік жұмысшы жастар марапатталды.

Г. БАЖАҚАЙ.
Шымкент қаласы.

АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен аппарат кеңесінде көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы қаралды.

Ауылшаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Әбдірәсіл Желеубаевтың айтуынша, биыл 659,9 мың гектарға ауылшаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарлануда. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 33,2 мың гектарға ұлғайған.

2025 жылдың өнімі үшін өткен жылы 156 мың гектар алқапқа күздік бидай дақылы егілді. Көктемгі дала жұмыстарына қажетті 54,8 мың тонна тұқым дайындалған, 8 мыңнан астам ауылшаруашылығы техникасы жұмылдырылады. Үкімет тарапынан өңірге 20 мың тонна дизель отыны бөлінді. Биыл 400-ден аса ауылшаруашылығы техникасын сатып алып, жаңару жоспарын 6,5 пайызға жеткізу көзделуде. 418 гектар алқапқа 83,1 мың тонна минералды тыңайтқыш ендіріледі.

Көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыру үшін «Агронесиелік корпорация» арқылы өңір шаруаларына 8 миллиард теңге көлемінде 5 пайызбен несие берілмек. 2025 жылы ауылшаруашылығы саласын қолдауға 39,6 миллиард теңге бөлінді. Бұл қаржы есебінен 16 мыңнан аса ауылшаруашылығы тауар өндірушісіне қолдау көрсетіледі. Нәтижесі бойынша өсімдік шаруашылығында 325,1 миллиард теңгенің өнімі өндіріледі деп күтілуде.

– Өңірде көктемгі дала жұмыстарына материалдық-техникалық қажеттіліктер толығымен дайын, агротехникалық шараларды мерзімінде өткізу жұмыстары тұрақты бақылауда, – деді Әбдірәсіл Желеубаев.

Облыс әкімі егіс науқанын ойдағыдай өткізу үшін қажетті шараларды мерзімінде қабылдауды және бөлінген қаражаттың тиімді жұмсалуын бақылауда ұстауды ескертті.

– Көктемгі дала жұмыстарына баса назар аудару қажет. Бұл - аса маңызды міндеттердің бірі. Ауылшаруашылығы техникаларының дайындығы да бақылаудан тыс қалмауы тиіс. Шаруаларға арзандатылған жанар-жағармай кедергісіз беріліп, олардың ескі техникаларын жаңартуға ұдайы қолдау көрсетуіміз керек, – деген облыс әкімі ұйымдастыру жұмыстарын ширатуды міндеттеді. Сонымен бірге, мемлекеттік қолдау шараларын жан-жақты түсіндіру, жоғары сапалы тұқымның үлесін арттыру, су үнемдеу технологиялары арқылы суармалы жерлердің көлемін ұлғайту, егіс алқаптарына су жеткізу бойынша бірқатар тапсырма берді.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҮКІМЕТ

НАҚТЫ КӨЛЕМ ИНДЕКСІН ҰЛҒАЙТУ МІНДЕТІН ҚОЙДЫ

Үкіметте өткізілген экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі штаб отырысында Вице-премьер – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен өңірлердің алдына тау-кен металлургия кешенінің 2025 жылғы нақты көлем индексін ұлғайту міндетін қойды.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі 2025 жылы физикалық металлургия индексінің 5 пайыз, металл кенінің 3,1 пайыз, көмір өндірудің өткен жылдың деңгейінде өсуін болжайды. Мысалы, алтын, прокат, ферроқорытпа, шойын өндіру көлемінің ұлғаюы есебінен металлургия көлемін арттыру жоспарлануда. Сондай-ақ биыл «Qaragandy Power Silicon» ЖШС кешенді қорытпа зауыты, «Ekibastuz FerroAlloys» ЖШС ферроқорытпа өндірісі, «Shagala mining» ЖШС катодты мысы, «Лиманное» кен орны іске қосылады.

Вице-премьер штаб отырысында атап өткендей, биыл еліміздің экономикалық өсімінің 7 пайыздық таргеттелетін көрсеткіші үшін ТМК-ның жоспарланып отырған өсу көрсеткіштері жеткіліксіз.

«Еліміздің экономикалық өсуі бойынша 7 пайыз мақсатты бағыт шеңберінде өңдеуші өнеркәсіп өсімінің нысаналы индикаторы 7,6 пайызды құрайды. Өңдеуші өнеркәсіптегі үлес салмағы шамамен 40 пайызды құрайтын металлургия бойынша негізгі өнім түрлері бойынша НКИ-нің жоспарланған көрсеткіштері негізінде біз 2-3 пайыздан аспайтын өсімді көреміз. Биыл барлық салалық өндірушілерімен бірлесіп, ТМК-да жоғары өсімге қалай қол жеткізуге болатынын талқылау қажет, көрсеткіштерді барынша тәуекелді түрде қою керек», — деп атап өтті вице-премьер.

Сондай-ақ отырыста Атырау және Батыс Қазақстан облыстарындағы инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы тыңдалды.

БҚО-да 2025 жылғы қаңтарда негізгі капиталға инвестиция 28,9 миллиард теңгені құрады. Бұл өткен жылғы қаңтар айымен салыстырғанда 7,1 пайызға артық (26,7 миллиард теңге). Оның ішінде 90,2 пайызы жеке инвестиция, 9,8 пайызы бюджеттік инвестиция. 2025 жылға арналған негізгі капиталға инвестициялар бойынша облыстың KPI-ы 841 миллиард теңге. 2024 жылғы 9 айда тікелей шетелдік инвестиция ағыны 995,5 миллион долларды құрады. Бұл 2023 жылғы сәйкес кезеңдегі көрсеткіштен 13,1 пайызға артық (880,1 миллион доллар). ТШИ-дегі негізгі үлес тау-кен өнеркәсібіне тиесілі. 2025 жылы жалпы құны 44,5 миллиард теңге болатын 769 жұмыс орны ашылатын 25 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған.

Атырау облысында инвестицияның негізгі үлесі тау-кен өнеркәсібіне тиесілі. 2025 жылғы қаңтарда инвестиция көлемі 100,9 миллиард теңгені құрады. Бұл 2024 жылғы қаңтардың көрсеткішінің жартысынан төмен (195,4 миллиард теңге). 2025 жылы жалпы құны 59 миллиард теңгені құрайтын, 595 жұмыс орны ашылатын, 15 инвестициялық жоба пайдалануға беріледі. Олардың қатарында «ATYRAU CHICKEN» ЖШС құс фабрикасы, «Айдана-Агро» ШҚ жылыжай кешені, «Тексол-Транс» ЖШС сұйытылған газды сақтауға арналған қойма, «Жұмағалиева» ШҚ көкөніс қоймасы және басқалары бар.

Қазіргі уақытта, өңірлердің деректері бойынша, инвестициялық жобаларды іске асыру үшін елеулі кедергілер байқалмайды. Осыған қарамастан, вице-премьер өңірлерді «Бәйтерек» холдингі арқылы қолжетімді қаржыландыруға өтінім беру үдерісіне бизнесті белсенді тартуға шақырды.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЕЛОРДА

«LRT»: ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫН АЛДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында «LRT» құрылысы қалай жүріп жатқаны туралы жазды.

«№112 стансаға (Абу Даби Плаза) барып, «LRT» құрылысының барысымен таныстым. Абу Даби Плазадағы №112 стансада жалпы ауданы шамамен 5 мың шаршы метр болатын қасбеттің сыртқы металл қаңқасын монтаждау, әрі қарай витраждар мен панельдерді орнату жұмысы жүргізіліп жатыр. Биыл III тоқсанда сынақты бастау үшін осыған ұқсас жұмыс барлық 18 стансада аяқталады.

Осыған дейін эстакаданың құрылысы аяқталып, стансалардың негізгі темірбетон конструкциялары салынған. Есіл өзені арқылы өтетін аспалы көпірдің құрылысы, 101-стансаның қасбеттік бөлігінің құрылысы аяқталды. Сол сияқты «LRT» құрамының 19 бірлігіне тапсырыс берілді. «LRT» желісі стансаларының негізгі темірбетон конструкцияларының құрылысы 100 пайыз аяқталды. №116 және №117 стансалар арасындағы эстакада учаскесінде рельс жолының алғашқы 500 метрі төселді.

2025 жылдың соңына дейін жолдың жоғарғы бөлігінің құрылысын толықтай аяқтау, оның ішінде рельстерді төсеу, дабыл және байланыс жүйелерін баптау, стансаларды ішкі және сыртқы әрлеу, құрамдарды жеткізу мен депо салу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, 2025 жылы Қабанбай батыр даңғылы мен Ш.Қалдаяқов көшесіндегі «LRT»-ның астыңғы эстакадалық бөлігін абаттандыру жоспарланып отыр. Біз «LRT» бойындағы бағытты кезең-кезеңімен абаттандырамыз. Мысалы, биыл Қабанбай батыр даңғылын әуежайдан Мәңгілік ел даңғылына дейін ауқымды көгалдандыру жоспарланған. Сығанақ көшесінің бойындағы учаскеде (Қабанбай батыр даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейін) ағаштар, веложолдар, бірыңғай стильдегі көше жиһаздары орнатылады.

«LRT»-ның негізгі аялдамаларының жанында – «Mega Silk Way» СОО, «Ботаникалық» бақ және «Поколение» ТК маңында қала тұрғындарының демалысы мен уақытын пайдалы өткізуі үшін жаңа қоғамдық кеңістіктер ашылады. Олар заманауи абаттандырылған, қаланың тартымды әрі ыңғайлы орындарының біріне айналады», – деп жазды Жеңіс Қасымбек.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

КӨКШЕТАУ КӨРКЕМ КӨКШЕТАУ



Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов Көкшетау қаласының орталық көшелері мен саябақтарын және Қопа көліне дейінгі аралығын жаяу аралап көріп, облыс орталығын дамыту мәселелеріне назар аударды.

Биыл Көкшетауда ауқымды өзгерістер болады деп күтілуде. Облыс орталығында Қопа көлі жағалауындағы құрылыс жұмыстары жалғасып, ондағы саябақтар қайта жаңғыртылады. Сондай-ақ жаңа сквердер мен бульварлар пайда болады. Көкшетау көшелеріне жұмыс сапары барысында облыс әкімі Марат Ахметжановқа жаңа қоғамдық кеңістіктердің жобалары таныстырылды.

Облыс әкімінің жұмыс сапарында сонымен қатар, қаладағы Рахымбек Сабатаев, Ақан сері, Мақтай Сағдиев және Біржан сал көшелерінің қиылысында «Батырлар» саябағы салынатыны айтылды. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін бұл орын қала тұрғындарының сүйікті демалыс аймағына айналмақ. Жоба бойынша көгалдандыруға, жарықтандыруға және жайлылыққа ерекше мән беріледі.

Жоспарға сәйкес, «Батырлар» саябағынан «Жеңіс» аллеясына дейін өтетін жол салынады. Бұл аллеяның сәулеттік стилі «Батырлар» саябағымен үндесіп, заманауи көрініске ие болады. Мұнда кіреберіс аймақтар жаңартылып, ағаш пен гүл егіліп, балалар ойнайтын алаңдар мен воркаут аймақтары пайда болады. Сонымен қатар, бұл жерлер де жарықтандырылып, субұрқақтар мен шағын сәулеттік нысандар орналастырылады. Сондай-ақ мемориалдық тастар да жаңартылып, жаңа келбетке енеді. «Тәуелсіздік» алаңы мен Шоқан Уәлиханов ескерткіші маңындағы аллеяға да жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Ал, М.Сағдиев көшесінде жаңа бульвар салынып, ондағы көп жылдан бері бос жатқан аумаққа көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі.

Бұл аталған аймақтардың ландшафттық дизайн жобасын «ENVICON» компаниясы әзірледі. Компания басшысының орынбасары Сергей Тропиннің айтуынша, жобалау барысында қаланың дизайн коды ескеріліп, жарықтандыру мен көгалдандыруда заманауи технологиялар қолданылмақ. Олар қала сәулетінің стилімен өз үйлесімін тауып, аумақтардың макроклиматына оң әсер етеді. Қазіргі уақытта бұл жобаны қала әкімдігіне тапсыру үшін құжаттары әзірленуде.

Жоба бойынша аталған заманауи саябақтар мен сквердер жолы Қопа көлінің жағалауымен жалғасып кетуге тиіс. Мердігер ұйымның мәліметінше, өткен жылы барлық инженерлік желілері тартылып, дайындалып қойған. Биыл компания наурыз айында жұмысқа кірісіп, маусымда аяқтауды жоспарлап отыр. Көкшетау қаласының әкімі Әнуар Күмпекеевтің айтуынша, биыл шамамен қаладағы 12 гектарға жуық аумақ абаттандырылады. Қаладағы «Жеңіс» саябағынан бастап, «Даңқ» аллеясы, «Тәуелсіздік» саябағы, Уәлиханов аллеясы, М.Сағдиев көшесіндегі бульварларға қатысты және жоғарыдағы жаңа орындарды қамтитын туристік бағыт құрылмақ. Жаңадан ашылуы жоспарланған және жаңғыртылатын бұл орындар қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орнына айналып, сонымен қатар, шағын кәсіпкерліктің дамуына қосымша серпін береді деп күтілуде.

Өңір басшысы өз кезегінде жобаларды жүзеге асыруды жеделдетуді тапсырды. Содан соң, облыс әкімі Марат Ахметжанов Көкшетаудағы құрылысы аяқталуға жақын егде жастағы адамдарға арналған белсенді ұзақ өмір сүру орталығын аралап көрді. Мұнда да қызу жұмыс жүргізіліп жатыр. Орталық ашылған соң бұл жерге келетін егде жастағы тұрғындар уақытын тиімді өткізіп қана қоймай, жан-жақты қолдау ала алатын мекемеге айналады деп жоспарлануда. Бұл жерде компьютерлік сауаттылықты арттыру, шет тілдерін үйрену, спортпен және вокалмен айналысу секілді түрлі үйірмелер жұмыс істеп, қарттар өз қалауынша арнайы мамандардың сабағына қатыса алады. Сондай-ақ орталықтың іші мен айналасы жасыл желекпен көмкеріліп, сәнді аквариум, демалыс орындары, спорт залы, кітапхана, заңгерлік және психологиялық кеңес беретін кабинеттер де өз жұмысын бастамақшы.

Орталықтың құрылыс жұмысымен, ішкі көрінісімен толық танысып шыққан өңір басшысы қарт адамдардың денсаулығын нығайтып, олардың белсенді өмір сүруіне жасалатын орталық ғимаратындағы қарастырылған мүмкіндіктерге назар аударды.

– Спортпен айналысып, жаңа дағдыларды меңгеру олардың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді. Әсіресе, компьютерлік сауаттылық қарттарымыздың заман ағымына ілесіп, қоғаммен тығыз байланыста болуына көмектеседі. Бұл орталық тек білім мен дағды ғана емес, жан жылуы мен қамқорлық сыйлайтын орынға айналуға тиіс, – деді облыс әкімі.

Мекеменің директоры Қуат Қайратовтың айтуынша, орталық күніне 150-ге тарта адамды қабылдауға қауқарлы. Бүгінде құрылыс жұмыстары соңғы кезеңге жетіп тұр. Оның салтанатты ашылуы 22 наурызда Күн мен түннің теңелу күнінде, Наурыз мейрамына орайластырып, жоспарланып отыр. Бұл – Көкшетауда алғаш рет ашылатын ерекше орталық, онда қарттар жай ғана демалып қоймай, жаңа білім алып, араласатын орта тауып, уақыттарын тиімді пайдалануға жол ашылмақ.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚҰРМЕТ

ҒАСЫРМЕН ҚҰРДАС АНАЛАР

Халықаралық әйелдер күніне орай облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Қарасай ауданына арнайы атбасын бұрып, аудан әкімі Жасұлан Естеновпен бірге елге қадірлі аналарды мерекесімен құттықтады.

Алдымен Абай ауылында тұратын «Ұлт анасы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы әрі қари ананы қолына алып, күтіп отырған өкіл қызы Құралай Пернебайқызының үйіне барып, ғасыр жасаған апа Жұмакүл Мұратқызының жағдайын білді. Жасы ұлғайғанына қарамастан, санасы сергек, сөзі салмақты кейуана қадірлі қонақтарын ашық-жарқын қарсы алып, облыс басшысының тарту-таралғысын қабыл алғаннан кейін Рамазан айының құрметіне Құран бағыштады.

Тағдыр тауқыметін бір адамдай тартқан кейуана ашық-жарқын әңгіме барысында өз өмірі жайлы баяндап берді. Қызылорда өлкесінде елге сыйлы би болған аталары Кеңес өкіметінің озбырлығына көне алмай, шекера асқан көрінеді. Алдымен Ауған жеріне көшіп барған олар бұл өлкеде бейбіт әрі ауқатты ғұмыр кешіпті. Жұмакүл әкешешесінің зарығып жүріп көрген жалғыз қызы көрінеді.

Перзенттерінің болашағын ойлаған олар қыздарының сауатын ерте ашып, діни мектептерге орналастырады. Бес жасында қолына Құранды алған зерек қыз аз уақытта толықтай жаттап алған екен. Тұрмыс құрғаннан кейін Мединаға қоныс аударып, осында 30 жылға жуық өмір сүріпті. Мұнда қолөнермен жасаған бұйымдарын саудалаумен айналысқан.

– Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін жұбайымның атажұртқа аңсары ауа берді. Ақыры 1997 жылы Қазақстанға біржола көшіп келдік, – дейді Жұмакүл әже. Шет жерде жүріп ана тілін ұмытпаған кейуана ағылшын, араб, түрік және парсы тілдерін де меңгерген. Жұмакүл әженің тәлімді әңгімесін тебіренбей тыңдау мүмкін емес.

Осы тұста әңгіме тізгінін алған Құралай Пернебайқызы «Ұлт анасы» бірлестігінің мақсат-міндетін баяндап, Құранды толықтай жатқа білетін, өткен өмірі мен көргентүйгені өзгелерге үлгі болатын ардақты анадан үйренер өнеге мол екенін, осындай әжелер құрмет тұтқан дәстүр арқылы өскелең ұрпаққа тәрбие беру қажеттігін сөз етті. Марат Сұлтанғазиев өз ойын осы бағытта сабақтап, аймақтағы ардагерлер кеңесі мен аналар алқасының атқарып жатқан жұмысы, жастарды тәрбиелеудегі шешімін күткен мәселелер мен қол жеткен табыстар турасында айтып берді.

Кездесудің соңына қарай «Ұлт анасы» ұйымының өкілдері Жұмакүл Мұратқызының баспанадан таршылық көріп отырғанын жеткізіп, облыс басшысынан жәрдем беруін сұрады.

Осыдан кейін облыс әкімі жуырда өзінің жүз жылдық ғасыр тойын атап өтуге қам жасап жатқан Сәлима Бұлғақбаеваның шаңырағына бас сұғып, ардақты ананы құттықтады. Бұл жерде Қаскелең қаласы көшелерінің бірі – оның жұбайы, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, 14 жыл бойы Қаскелең қалалық халық депутаттары кеңесінің төрағасы болған Ақылбай Бұлғақбаевтың есімімен аталатынын айта кеткен орынды. Оның басшылығы кезінде Қаскелең ауылы қала мәртебесін алған еді.

Ал, Сәлима Тілеубайқызы Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектепте ұзақ жыл ұстаздық етеді. Осыннан зейнеттік демалысқа шыққан. Оның жалпы педагогикалық еңбек өтілі 40 жылдан астам. Өз кәсібіне адалдық танытып, осы салаға бүкіл өмірін арнаған жан «ҚазКСР Ағарту ісінің үздігі», «Еңбек ардагері», «Күміс алқа» сияқты көптеген марапатқа ие болады.

Ақылбай ата 2001 жылы 87 жасында өмірден озған. Ал, Сәлима әже қазір жүзінші көктемін қарсы алуда. «Ең үлкен бақыт – бейбіт аспан астында өмір сүру, әрбір күніңе қуану», – деп батасын берді ғасыр жасаған әже.

Қ. ҚАЙРАНБАЕВ.
Алматы облысы.

КӘСІБІ НӘСІБІ

ЖАСТАРҒА ШАБЫТ БЕРУДЕ

Әйгерім Төребаева - көпбалалы жас ана. Ол барлық қиындыққа қарамастан сұлулық әлемінде өз кәсібін тапты.

Кірпік ұзарту шебері ретінде үш ай жұмыс істеп, тұтынушылар сенімін иеленді. Бұл оңай болған жоқ. Әйгерім табандылық пен әлеуметтік бағдарламалар қолдауының арқасында өмірін өзгертіп, өзгелерді де шабыттандыруда.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының әлеуметтік бағдарламасының арқасында кәсіпке ынта білдіргендердің саны артып келеді. Өткен жылдың тамыз айында Әйгерім Төребаева шеберлігін шыңдау үшін арнайы кірпік ұзарту курсынан өтіп, сертификат алды. Бұл курстар жастарға жаңа мамандықтар мен дағдыларды игеруге көмектеседі. Әйгерім білім алып, қызмет саласын өзгертудің еш уақытта кеш болмайтынына сенімді. Ол әйелдердің үнемі әдемі болып жүруін қалайды және ол оның жұмысын ерекше мағыналы етеді.

Әйгерімнің мамандығы - журналист. Декреттік демалыстан оралғаннан соң ол өзін басқа салада көруді ұйғарды. Сөйтіп, кірпік ұзарту ісі бойынша шығармашылық қабілетін шыңдауға кірісті. Оқу кезінде кірпік ұзарту, қасты ретке келтіру, бояу, шугаринг жасау бойынша тәжірибе жинақтады. Осылайша Әйгерім Төребаева жеке табысын ғана емес, сондай-ақ өмірден өз орнын іздеп жүрген талай жасқа шабыт беруде.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ.
Талдықорған қаласы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ӨЗ ЖҰМЫСЫНА ДӘН РИЗА

Толқын Ержігітова – Павлодар мұнай-химия зауытының зертханашысы. Зауытта табан аудармай 35 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан маман.

«Қызылорда облысының Қаратөбе ауылының тумасымын. Мектеп бітірген соң, Шымкенттегі политехникалық техникумға оқуға түстім. Жұбайыммен сол жерде таныстым. Екеуміз бір группада оқыдық. 1989 жылы техникумды «Химиялық технология» мамандығы бойынша тәмамдап, жолдамамен жас маман ретінде Павлодардағы мұнай өңдеу зауытына келдік. Бұл зауыт мұнайдан бензин, керосин, дизель, битум сияқты тауарларды өндіреді. Жолдасым қондырғыдан бастап, орынбасар, басшы сияқты түрлі қызметтерді атқарды. Қазір координатор. Оңтүстіктен келген бізге солтүстікке сіңу оңай болмады. Қайтқымыз келіп, бір жылдан кейін басшымызға бардық. Қайтуға рұқсат сұрадық. «Сендер жақсы, жас мамансыңдар, жібере алмаймыз» деп алып қалды. Үлкен кісінің сөзінен аттап кете алмадық. Одан кейін Кеңес үкіметі ыдырап, қайту мүмкін болмады. Осы зауытта бірге еңбек етіп жатқанымызға 35 жыл болды. Бұйырса үш жылдан кейін зейнетке шығамыз», – дейді зертхана маманы.

Толқын Әбілешқызының жұмыс күні арнайы жұмыс киімін киюден басталады. Арнайы киімсіз жұмысқа кіріспейді.

«Ауысыммен жұмыс істейміз. Бір күн түнде 12 сағатқа шықсақ, келесі күні күндіз 12 сағатқа шығамыз. Одан кейін екі күн демаламыз. Жұмыста тек формамен жүреміз. Дәрігерлердің ақ халатындай формамыз бар. Реактивтермен жұмыс істеген кезде қолғап киеміз. Жұмысшыларға зияны тимес үшін зауыт ішіндегі ауаның құрамын тексеріп отырамыз. Тексерудің де түрлі амалы бар. Түрлі құрылғылар мен аппараттар бар. Қақпағы бар үлкен шприцпен ауаны сорып әкеліп, хромотограф деген приборға сол ауаны жіберіп, бензол, ксилол сияқты көрсеткіштерді тексереміз. Ауа құрамындағы күкіртсутек, көмірсутекті қадағалаймыз. Оны ГАНК деген приборға кассета салып тексереміз. Зауыт ішіндегі ауаны ғана емес, фильтрден келетін ауыз суды да тексереміз. Судың қаттылығын, хлорид, темір, pH көрсеткішін бақылаймыз. Күнде тексере бермейміз, өзінің кестесі бар. Сол кестеге сай жұмыс істейміз. Зауыттың маңайында санитарлық қорғаныс аймағы бар. Зауыт сыртындағы тұрғын үйлердің тұрғындары зардап шекпеуі керек. Сол тұрғын үйлерге дейінгі жердің өлшемі бар. Сол жерге барып, ауаны алып келіп, оны да тексереміз. Белгіленген нормалар бар. Көрсеткіштердің сол нормалардан аспауын қадағалаймыз. Нормадан асса, шара қабылданады. Біз – зертханашы-экологпыз», – дейді өзі.

Толқын Әбілешқызы өз жұмысына дән риза. Себебі, бұл жұмыстың да ел білмейтін, көзге көрінбейтін өз қызығы бар.

«Жұмысым өзіме қатты ұнайды. Өзімді басқа жұмыста елестете алмаймын. Жүрген жерімде жұмысым жайлы айтып жүремін. Көзімен көрмеген соң жұрт бұл жұмыстың қандай екенін біле бермейді, түсінбейді. Зауытта істеу денсаулыққа зиян деп ойлайды. Өндірістің зиян екені рас. Бірақ, біздің зауытта барлық жағдай жасалған. Зертханада қауіпсіздік шаралары қарастырылған. Қауіп зауытта ғана емес, қаланың өзінде де бар. Ерсілі-қарсылы жүріп жататын көліктерден газ бөлінеді. Ол да сондай зиян. Зауытта істемесем, маған зиян тимейді деп ойламау керек. Зауытта жұрт ойлағандай тек ауыр жұмыс емес, өзінің қызығы да бар. Мысалы, мен реактив дайындаймын. Оны қалай болса солай дайындасаң, ертең тексерген кезде дұрыс болмай қалады. Ал, ынты-шынтыңмен дайындап, әдемі шыққанын көрсең, өзің ләззат аласың. Реактивтерім әдемі шыққан сайын қуанып кетемін. Бұл жұмыс маған ана ретіндегі парызымды атқаруға да мүмкіндік берді. Үйде балаларыммен көп уақыт өткізе аламын. Жолдасымның жағдайын жасап, қонағымды да күте аламын. Жұмысым соған мүмкіндік берді», – дейді маман.

А. ӘБІЛТАЙ.
Павлодар қаласы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

КӨПБАЛАЛЫ АНАНЫҢ ТІРЛІГІ КӨПКЕ ҮЛГІ

Аққұм ауылында былтыр жеті ауыл тұрғыны мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грантқа ие болып, өз кәсібін бастаған. Солардың бірі – Гүлжайна Жамалова. Ауылға арнайылап атбасын бұрып келген соң, кәсіпкердің кәсібімен танысуды жөн көріп, ауласына аялдадық.



Мемлекеттік бағдарламаның арқасында бүгінде кәсібін ұлғайтып, ризық-несібесін тауып отырған кәсіпкер келіншек күннің суығына қарамай, жолдасымен бірге қорада сиырларына жем-шөбін қамдап жатыр екен. 2020 жылы көпбалалы ана ретінде 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие арқылы 1800 мың теңге алып, алты бұзаулы сиыр сатып алған кәсіпкер келіншек мал шаруашылығы бағытында, дәлірек айтқанда, сүт бағытында мал басын көбейту кәсібі негізінде былтыр 1380 мың теңге қайтарымсыз грант иеленген. Ол қаржыға төрт бұзаулы сиыр сатып алыпты. Бүгінде күнделікті азанда ерте тұрып, қорасындағы жеті сиырды сауады. Алған сүтті тұрғындарға бір күн сүттей, бір күн айран қылып ұйытып, одан қалды құрт пен қатық істеп сатады.

– Кәсіпті бастаудағы мақсатымыз – төрт түліктің басын көбейтіп, сол арқылы ет, сүт өнімдерін өндіру. Ауылда сүт өнімдеріне сұраныс жоғары. Сиырды күніне бір мезгіл сауамын. 7 сиырдан 15 литр сүт алып отырмын. Ауыл тұрғындарын сүт, айран, құрт, қатық, сары маймен қамтамасыз етемін. Одан бөлек, көршілес ауылдар мен қаладан да арнайы тапсырыспен алатын тұрақты тұтынушыларым бар. Қыстың күні көбіне тұтынушылар сүзбе мен құрт сұрайды. Қолымнан келгенше ата-баба кәсібін жалғастыра беремін. Себебі, «Зеңгі баба» түлігін өсіру ешқашан сұраныстан шықпай, үнемі өнім беретін кәсіп түрі, – дейді жас кәсіпкер Гүлжайна Талғатқызы.

Аққұмдық кәсіпкердің тындырымды тірлігін көріп, ата кәсіпті жандандырған отбасыға дән риза болдық. Бала-шағасының несібесін төрт түліктен айырып, қанатын кеңге жаюды көздеген оның бүгінде мақсаты айқын.

Әңгіме барысында алғашқыда кәсіп бастауға қорқып, жүрексінгенін жасырмаған ол кейін кәсібі алға басқанда қорқынышы сейіліп, одан әрі дамытуға деген құлшынысы арта түскенін айтты. Кейіпкеріміздің өзі ауылдың қызы болғандықтан кішкентайынан малға қарап өскендіктен, ата кәсіпті қолға алу аса қиындық туғызбаған. Оған бүгінде ержеткен ұлдары мен жолдасы жәрдем беруде.

– Мен Гүлжайнаның тұрақты тұтынушысымын. Күнделіккті балғын күйде қою сүтімен ара-тұра сары май, құрт алып тұрамын. Ешқандай қоспасыз, таза істейтіндіктен Гүлжайнаның өнімі отбасымызға қатты ұнайды. Бағасы да қалтаға қонымды. Жыл он екі ай бойы сүтін, қыста құртын, жазда айранын алып тұрамын. Сырттан жақын ағайындарымыз ауылға келеміз десе, ауылдың дәмін сағынған болар деп, Гүлжайнаға молырақ құрт пен сары майға тапсырыс беріп, ағайындарымызға беріп жіберуді әдетке айналдырғанбыз, – деген ауыл тұрғыны Мақпал Зарлықова Гүлжайна кәсіп басталғалы дүкеннің сүтін ішуді қойғанын айтады. Оның қолынан шыққан өнімдерін жаппай ауыл тұрғындары сатып алатындықтан, алдын ала тапсырыс беруге келіп тұр екен.

Кішкентай кезінен ата-анасының жанында жүріп еңбекке ерте араласқан кәсіпкер келіншек алдағы уақытта да мал басын көбейтуді көздеп отыр. Оның бар жоспары келешекте сүт және сүт өнімдерін шығаратын шаруашылық құру. Балаларының жарқын болашағы үшін бойдында күш-қуат пен жігері бар да ерінбей еңбек етіп, кәсібінің кірісін арттыру. Алты бала тәрбиелеп отырған көпбалалы ананың балаларының жарқын болашағы мен отбасының қамы үшін жасап жатқан тірлігі көпке үлгі екені рас.

– Кәсіпті әркім әртүрлі ниетпен бастайды. Біреу тез байып кетсем екен дейді. Ал, кейбіреуі жұрттың тапқан табысына қызығып бет бұрады. Менің ойымша бұл кәсіппен малды жақсы көретін адам айналысқаны жөн. Ал, менің бұл салаға келудегі басты мақсатым – атакәсіпті жалғастыра отырып, балаларыма табиғи өнім ұсыну. Сондай-ақ екі қолға, бір күрек таппай отырған жандар мен ауылда жұмыс жоқ деп қалаға сабылған жастарға үлгі болу. Кез келген адам кәсібіне адал болып, еңбектенгенде ғана мақсатына жетеді, – дейді кәсіпкер келіншек.

«Әрекетке – берекет» демекші, бүгінде кәсіпкер келіншектің қорасында 15 сиыр бар. Ол малға керекті жем-шөпті көбінен ауыл тұрғындарынан, ара-тұра қаладан да алдырып тұратынын айтады. Айтуынша жыл сайын малдың азығы қымбаттауда. Әйтсе де кейіпкеріміз бұл кедергіге еңсесін түсірмей, кәсібінің жұмысын ширатып, табыс тайқазанын тасытуда. Ата кәсіпті жандандырып, тындырымды тірлік істеп отырған Гүлжайнаның кәсібі осындай.

А. БҮРКІТБАЙ.
Қызылорда облысы.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

Әр мезгілдің өзіне тән ерекшеліктері болады. Мысалы, жазды жаймашуақ мезгілге теңесе, күзді молшылықтың, қысты тазарудың символына санап жатады. Ал, көктем жаңару мен жасарудың айы екені белгілі. Қыс ұзап кетсе, «кәрі құданың» қыңыр мінезіне ұқсатып жататынымыз сияқты, көктемдегі кейбір жағдайларға байланысты бұл мезгілді «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілетін шағы» деп жатамыз.

Иә, қазақтың әр сөзінің астарында үлкен мән жатыр. Сол сөздің тереңіне бойлаған сайын болашақты дәл болжаған көреген халықтың таным-түйсігі таң қалдырмай қоймайды. Әр мезгілдің «мінезіне» қарап бір ауыз сөзбен дәл сипаттама беру, әрине, табиғатпен етене халықтың ғана қолынан келетін шығар. Бірақ, өкінішке қарай, көшпелі түркі тайпаларының, оның ішінде қазақ ұлтының қаншама көне сөздері кейінгі буынға жетпей қалды, санадан сүрілді. Кешегі нәубетті кезең қазақтың таным-түсінігіне, әдет-ғұрпына кері әсер еткені сонша, тіпті, өзінің тілінен жерінетін жағдайға жетті. Бүгінде «үт» деген сөзге үрке қарайтындар бар. Шын мәнінде бұл қай мезгіл, қандай мағына береді? Қазақта «Жақсы болса үт – кәді-кәді сүт, жаман болса үт – малға келер жұт» деген сөз бар. Мұның мағынасы қыстан тарығып шыққан елдің көктемге ілінгенін, көкке жеткенін, егер осы мезгілде күн қайта суытса жаңа туған төл суыққа ұрынатынын білдіреді. Тағы бір жерлерде үтті жабықтан түскен жарық сәуле деп түсіндіреді. Қалай айтқанда да, қыстан қысылып шыққан шаруаның көңіліне де, өміріне де бұл мезгілде шуақ, жарық түсіретіні анық.

Биылғы үт қандай болады дегенге келсек, синоптиктердің ұзақ мерзімді болжамына сәйкес, Қазақстанда осы жылдың көктемі әдеттегіден жылы болады. Оның ішінде оңтүстік өлкенің де жылы болатыны белгілі. Бірақ, бұл қысқы киімдердің бәрін сандыққа салып, жайлауға қарай жеңіл жорта беруге болады деген сөз емес. «Қыстың бір күнінен қорық» дейді қазақ. Қай жылы қыстың беті қайтып, күн райы біршама жылынып қалған кезде аяқ астынан боран болып, бұрқасында қалған мал ықтасын таба алмай, үсіп өлді емес пе?! Созақ ауданындағы бір шаруа он шақты жылқысынан көз жазып қалып, қар еріген кезде қатып қалған қаңқасын тапты.

Жалпы, көктемгі мал төлдету науқанына немкетті қарауға болмайды. Мал шаруашылығының табысты болуы осы мезгілге тікелей байланысты болғандықтан бұрындары бұған ерекше дайындық жұмыстары жүргізілетін. Қырдағы малдың жай-күйін білу үшін апта сайын хабар алып, қар жауып, жол жабылып қалған жерлерге тікұшақпен жем-шөп тасыған кездер де болған. Қазір малдың біразы жекенің қолында болған соң, оның жағдайын біліп, жәрдемдесу де ұмытыла бастады. Бірақ, біз жекенің малы да сайып келгенде мемлекеттің байлығы болып саналатынын ұмытпауымыз керек.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының берген мәліметіне қарағанда, бүгінгі таңда өңірімізде ірілі-ұсақты он миллионға жуық мал бар. Соның басым бөлігі жекенің малы. Атап айтсақ, 1 355 793 ірі қара болса, 6 574 327 қой, 233 306 ешкі, 611 789 жылқы мен 69 075 түйе бар екен. Бұлардың ішінде, әсіресе, «Сексек ата» мен «Зеңгі баба» түлігі тоңғақ келеді. Ресми мәлімет бұл екі түлік түрінің басым бөлігі жекелеген адамдардан гөрі ауылшаруашылығы құрылымдарында көбірек екенін көрсетеді. Яғни бір жерде шоғырланған. Дәлірек айтсақ, облысқа тиесілі түйенің жартысына жуығы жекенікі болса, қалғандары санаулы ғана құрылымның қора-жайында шоғырланып тұр. Бұл құрылымдардың қысқы шем-шөп қоры жеткілікті ме, «жіңішкенің үзілер шағынан» аман өтіп, көкке қиналмай жете ала ма? Бұл – мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс басқармалар мен бірге еліме болсын деген әрбір адамды да ойландыра жүретін мәселе. Ауылшаруашылығы басқармасынан бұл мәселені де сұрастырып көрдік. Ондағы мал шаруашылығына жауапты маман Рүстембек Мұздыбаевтың айтуынша, қазірше алаңдауға негіз жоқ. Шаруалардың жем-шөп қоры жеткілікті. Бірақ, «сақтықта қорлық жоқ» екенін де естен шығармаған жөн.

Тағы да синоптиктердің мәліметіне сүйенсек, қазіргі наурыз айында Түркістан облысы мен Шымкент қаласында жауын-шашын қалыпты жағдайда болса, сәуірде нормадан жоғары болады. Ал, мамыр айында облыстың таулы аймақтарында болмаса, басқа жерлерінде ылғал аз. Соған қарағанда, биылғы көктем әдеттегіден ерте келмесе де күн райының бірден қызып кетуі ықтимал. Бір сөзбен айтқанда, көктем біршама жылы болғанымен арасында аязды күндері де бар. Әсіресе, таулы аймақтарда қар жауып, аяз түсуі мүмкін. Сол үшін тұрғындар ауа райының күрт өзгеруіне дайын болып, ауа райы болжамын ескере отырып, өз тірліктерін алдын-ала жоспарлағандары жөн.

А. ЖАЙЫМБЕТОВ.
Түркістан облысы.

СПОРТ

ӘЛЕМНІҢ ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫНА ТУҒАН ӨҢІРДІҢ ҚҰРМЕТІ

Сарысу ауданынының атын айдай әлемге шығарып жүрген спортшылар аз емес. Әлемдік додаларда жеңіс тұғырына көтеріліп, көк Туымызды желбіретіп, мемлекеттік Гимді шырқатып жүрген осындай спорт жұлдыздарымен сарысулықтар орынды мақтанады.

Жақында Үндістан астанасы Дели қаласында қазақ күресінен ересектер арасында Әлем чемпионаты өткені мәлім. Төрткүл дүние көз тіккен әлемдік додада Жайылма ауылындағы Б.Тоғызақбаев атындағы спорт мектебінің түлегі Нұр Аманшүкір олжа салып, екі дүркін әлем чемпионы атанды. Сарысулықтарды ғана емес, Қазақстанның мерейін үстем еткен атақты палуаныды жерлестері - Сарысу ауданының тұрғындары барынша сәнсалтанатпен қарсы алып, құрмет көрсетті.

Сарысулықтар әлемдік додада екінші рет топ жарған палуанды аудан орталығы Жаңатас қаласына кіреберісте күтіп алды. Аудандық мәдениет үйінде өткен салаттанатты іс-шарада аудан әкімінің орынбасары Ерлан Ермағанбетов жерлес палуанды әлемдік байрақты бәсекеде жеңіске жетуімен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

- Үндістанның Дели қаласында қазақ күресінен ересектер арасында Әлем чемпионатында еліміздің мерейін асырған жеңісіңізбен құттықтаймыз! Бұл күллі еліміздің және ауданымыздың мәртебесін асырған айтулы оқиға болды. Жеңісті күндеріңіз көп болсын! Біз Сізді әлі талай биіктерді бағындырады деп сенеміз, - деп, әлемнің екі дүркін чемпионына «Сарысу ауданына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін және қаржылай сыйлық тапсырды. Чемпионның жаттықтырушысы Манарбек Тоғымановқа да бағалы сыйлық тапсырылып, аудан әкімінің Алғысхатымен марапатталды. «Қазфосфат» ЖШС «Қаратау» тау-кен өндеу кешенінің персонал жөніндегі директоры Жандос Жақаев іргелі өндіріс орны атынан палуаннның иығына шапан жапты. «Аманат» қайырымдылық қорының жетекшісі Самат Жанқожаев та ізгі тілегін арнап, сый-сыяпат жасады. Аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Шәріпбек Қалжанов әлдемдік додада топ жарып, екінші рет әлем чемпионы атанған жерлестерін құттықтап, батасын берді.

Нұр Аманшүкір мен жаттықтырушысы Манарбек Тоғыманов өздерін ерекше қарсы алып, құрмет көрсеткен жерлестеріне, аудан басшылығына алғыс айтты. Сарысулық өнерпаздар концерттік бағдарламаларын ұсынды. Осындай құрмет Жайылма ауылында жалғасын тапты.

А. ӘБІЛ.
Жамбыл облысы.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ОРМАН ОТЫРҒЫЗҒАН АҚСАҚАЛ

Сексеннің сеңгіріндегі қызылордалық Бектай Сүлейменов қария қарапайым бағбан. Бірақ, бұқаралық ақпарат құралдары ол туралы жарыса жазып жатыр. Оның жөні де бар. Бектай ақсақал өзінің 85 жылдық өмірінде 2 миллионнан астам ағаш отырғызып, баптап өсірген.

Бектай Сүлейменов есін білгелі бау-бақшамен айналысып келеді. Бұл ретте ақсақал, Мемлекет басшысы бастаған «Таза Қазақстан» акциясының белсенді қатысушысы.

Биыл Бектай Сүлейменовтің өзінің шаруа қожалығын құрғанына 34 жыл толады. Бұл шаруада оған ұлдарының бірі көмектескен.

Әр үйдің маңында түрлі жеміс ағаштары мен гүл қаулап өсіп тұратын Шымкент қаласы маңындағы Шардара ауданында 1940 жылы дүниеге келген, танымал бағбан әкесі жанынан қалдырмайтын, алғашқы жеміс ағашын үш жасында әкесімен бірге отырғызған оның мектепті тәмамдағаннан кейін әке жолын қуып бағбандық кәсіпті таңдағанына таңқалуға болмас.

«Әке көрген оқ жонар» демекші 1965 жылы Қазақ ауылшаруашылығы институтына түсіп, орман шаруашылығының маманы болып шығады. Облыстың үш ауданында орманшы қызметін атқарады.

Ақсақал 1991 жылы заман талабымен өзінің орман шаруашылығын ашып, терек, үйеңкі, қарағаштың көшеттерін өсіріп, сата бастапты. Бастапқыда 5 гектар аумақта басталған шаруа, 35 жылдың ішінде 25 гектарлық орманға айналған. Мұнда алма, алмұрт, шие, өрік, қара өрік, жидектер, жүзімнің әртүрлі сорттары, арша, терек, үйеңкі, қарағаш пен қарағай жайқалып өсіп тұр. Бүгінгі таңда ол отырғызған ағаштардың саны 2 миллионға жетіп жығылады екен.

- «Қызылорданың топырағы тұзды. Мұнда ағаш ексең, өліп қалады», дейді көбі. Ол жалқаудың сөзі. Бабын тапса, кез келген өсімдікті жерсіндіріп, жайқалтуға болады. Мәселен қылқан жапырақтыларды 11 жыл бұрын ектім. Қазір биіктігі 5 метрге дейін жетеді. Тіпті, тропикалық анар ағашынан жеміс алып отырмын. Тек тәсілін білу керек, ерінбеу керек, - дейді Бектай Сүлейменов.

Бір кереметі - бағбанның бағына ағын су келіп тұрған жоқ. Ол мұндағы жайқалып тұрған ағаштардың барлығын сорғы қондырғысымен-ақ суарып отыр. Қарт бағбан аумағы атшаптырым бақты өзі күтіп, баптайды. Көмекшісі - Құдай қосқан қосағы.

Ендігі арманы - туберкулез диспансерінің аумағында қылқан жапырақты ағаштар паркін құру. «Өйткені, олардың хош иісі өкпе аурулары бар науқастар үшін өте пайдалы», - дейді ол.

Н. ҒАЛЫМ.
Қызылорда облысы.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

АУЫЛҒА АДАСЫП КЕЛГЕН АҚҚУ ТЕҢІЗГЕ ЖІБЕРІЛДІ

«Қызылсай» мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің инспекторы Шайыр ауылы тұрғынының ауласына қонған аққуды теңізге жіберді. Бұл туралы «Қызылсай» мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің қызметкерлері мәлімдеді, - деп хабарлайды «otpannews.kz.»

«Үйірінен адасып қалған аққу Маңғыстау ауданына қарасты Шайыр ауылының тұрғыны А.Ұзақбаевтың үйінің ауласына келіп қонған. Бұл туралы «Қызылсай» мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің инспекторы А.Жанғожинға хабарланып, аққу мекеме ауласындағы жаралы құстарды бағатын питомникке жеткізілді. Кейін ғылыми бөлімінің басшысы С.Қанбаев, қаумал басшысы Н.Бисенғазиев аққуды ашық теңізге жіберді», - дейді «Қызылсай» мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің инспекторлары.

Ж. ҚАРЖАН.
Маңғыстау облысы.

РУХАНИЯТ

ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ ЖАҢАРТЫЛУДА

Лисаков қаласындағы мәдениет және спорт орталығы қырық жылдай уақыт жұмыс істеп келеді. Жалпы алаңы жеті мың шаршы метрді құрайтын бұл ғимарат соңғы рет 2017 жылы жөндеуден өткен. Алайда, нысанның кейбір бөлігі ескіріп, ауыстыру қажет.

Өткен жылдың күзінде басталған жөндеу жұмыстары екі жылдық жоспарға сәйкес жүргізілуде.

«Қазіргі таңда ғимараттың кіреберіс топтары толық жаңартылып, витраждар мен есіктер орнатылды. Сонымен қатар, негізгі алаң кеңейтіліп, пандус жөнделді, сыртқы қабырғаларға парапеттер қойылды, музейдің витраждары ауыстырылды. Жастар ресурстық орталығының орналасқан бөлігінде электр жүйелері жаңартылып, қосымша жылу секциялары орнатылды. Залдарда да жаңарту жұмыстары жүргізілуде», – дейді қалалық мәдениет және спорт орталығының директоры Лейла Ержанова.

Мәселен, салтанат залына жаңа спорттық линолеум төселіп, төбесіне кіріктірілген жарық жүйесі орнатылған. Үлкен би залының терезелері ауыстырылып, жылу мен жарықтандыру жүйелері жақсартылған. Алдағы уақытта едені мен төбесі жаңартылатын болады. Спорт залында да сыртқы әрлеу жұмыстары мен киім ауыстыру бөлмелерінің жабдықталуы жалғасуда.

«Ғимараттың сыртқы келбеті сақталып, оған декоративті жарықтандыру жүйесі орнатылды. Қазіргі уақытта шатырдың бір бөлігі ауыстырылды, көктемде кейбір ақаулары қалыпқа келтіріледі. Мердігерлердің жұмысына қатысты барлық кемшіліктер тез арада түзетілетін болады»,– дейді мекеме басшысы.

Жөндеу жұмыстары биыл маусым айында аяқталады деп жоспарланып отыр.

Ш. ҚОҢҚАБАЙ.
Қостанай облысы.

ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНДА «ЕРСЕИТОВ» ЖК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтерге «Ерсеитов» ЖК-ның тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 17 наурызында сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Солтүстік-Батыс шағын ауданы, 45а квартал, 4 үй мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі - Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ГОРОДЕ КОСТАНАЙ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ИП «ЕРСЕИТОВ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа ИП «Ерсеитов» на услугу по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией.

Публичные слушания состоятся **17 марта 2025 года в 11.00 часов** по адресу: Костанайская область, город Костанай, микр Северо-Западная, квартал 45а, дом 4.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством «ZOOM» - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 198